



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТУРИСТІК-РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН КЕШЕНДІ ДАМУДЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Тұтқабай Г., Дуйсенова А.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттері

duisenova@mail.ru

Ғылыми жетекшісі г.ғ.к., доцент Ауезова З.Т.

Туризмнің қарқынды дамуына Қазақстанның бай тарихын, археологиялық ескерткіштерін, архитектура мен қала құрылысының тарихын, сондай-ақ халықтардың өзіндік мәдениетін, табиғи және мәдени ескерткіштерін жатқызады.

Соңғы уақытта туризм индустриясы – халықаралық сауда қызметінің жедел дамып келе жатқан түрі. Әсіресе, халықаралық туризмнің дамуы валюта қорының молаюына, мемлекет бюджетінің толығына, жұмыссыздықтың азаюына, жұмыс орындарының көбеюіне, халықтың кірісі мен өмір сүру жағдайының көтерілуіне, яғни Қазақстанның тұрақты дамуына мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда туризм тек елдер арасындағы мәдени байланысты дамытуға ғана емес, сондай-ақ елдердің маңызды әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде елеулі рөл атқарады. Әлемдік туризмнің дамуын ХХІ ғасырдың стратегиялық және экономикалық жоспарының басым бағыты ретінде қарастырады. 2015 жылы туризм 383 млн халықты жұмыспен қамтыды. Экспорт пен импорт жұмыспен қамтудың негізгі көзіне және әлемдік жалпы өнімнің 10-шы бөлігінің өндірушісіне айналды.

Қазақстан туризмі – қоғамдық өмірдің күрделі, көп қырлы, жан-жақты көрінісі, ол экономиканың пайдасы жоғары және серпінді салаларының бірі болуы мүмкін. Туризм саласы әлеуметтік-экономикалық дамудың жылдамдатушысы бола отырып, шаруашылықтың көлік пен байланыс, сауда, халық тұтынатын тауарлар өндіру, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету сферасы, құрылыс т.б. сияқты негізгі салаларына әсері өсіп келе жатыр.

Соңғы уақытта туризм айтарлықтай дамып, жаппай әлемдік кеңістік және әлеуметтік-экономикалық құбылыс жағдайына жетті. Оның қарқынды дамуына әрдайым дамып отыратын жер шарындағы елдер мен халықтар арасындағы саяси, экономикалық, ғылыми және мәдени байланыстар ықпал етеді.

Қарағанды облысының туризм индустриясының қалыптасуы, ең бастысы, қаланың құрылу тарихы мен Қарағанды аймағының географиялық орналасуымен тығыз байланысты.

Қарағанды облысының заманауи туристік индустриясы, шұрайлы табиғаты мен мәдени әлеуетіне негізделген. Облыс республика аймақтарының ішінде экономикалық туристік жүйеленудің табиғи ортасы болып есептеледі. Орталық аймақ бұл туризмнің мәдени-танымның, экологиялық, іскерлік және сауықтыру бағыттарының негізгі даму аймағы.

Қазіргі таңда облыста 442 жергілікті елді-мекен саналуда, соның ішінде 11-і қалалық деңгейдегі: Қарағанды, Абай, Балқаш, Жезказған, Қаражал, Қарқаралы, Приозерск, Саран, Сатпаев, Теміртау, Шахтинск, 39 ауыл және 168 ауыл аймақтары орналасқан. Облыс Сарыарқа тарихи-географиялық аймақтың негізгі бөлігін алып жатыр. Бұл жерде Қазақстанның маржаны – Қарқаралы таулы-орман оазисі, ерекше Балқаш көлі, Ұлытау – көшпенді дала мәдениетінің өркенделген орталығы, Алаша хан және Жошы хан кесенелері, атақты Қоянды жәрмеңкесі және Ұлы Жібек Жолы, ал таулардан Кент, Бақты, Қызыларай, Ұлытау, өзендері Нұра, Сарысу және т.б. орналасқан.

Туристік қызметтің жағдайы және дамуы, сонымен қатар Қарағанды облысының ішкі туризмі және туризм инфрақұрылымының (қонақ үй, кемпинг, туристік база, жолдар, автотранспорттер, туристік маршруттар) дамуы әліде төменгі деңгейде екені белгілі. Ұлттық туристік өнімді ішкі және сыртқы нарыққа шығарту үшін ғылыми және жарнама-ақпараттық

камту жүйесі жоқ. Туризмнің даму проблемалары көптеген фактордың ықпалының кесірінен, сонымен қатар туристік кадрлардың дайындау жүйесінің тиімсіздігін де атап өту қажет.

Қала аумағында 50-ден астам тарихи орындар және мәдени ескерткіштер бар. Олар Кен мәдениет сарайы, Н.Абдиров атындағы спорт сарайы, «Шағала» қонақ үйі, цирк ғимараты, «Шахтер» стадионы, Н.Абдиров, Бұқар жырау, Ғ.Мұстафин, А.Байжанов ескерткіштері, «Шахтер даңқы», «Мәңгілік от» күрес даңқы, қарағандылық- архитектуралық мемориалды ансамблі т.б. Қала тұрғындары мен қала қонақтарына қызмет көрсетуде С.Сейфуллин атындағы Қазақ драма театры, Станиславский атындағы Орыс драма театры және музыкалық комедия, Академиялық театры, Қарағанды облысының тарихи-өлкетану мұражайы, осында 134 810 экспонаттар қоры бар.

Сарыарқа даласының басты мәртебесі: батысында гранитті массивті таулар Қарқаралы, Кент, Қызыларай, Теңіз көліне дейін, солтүстігінде – Есіл өзеннен Бетпақдала шөліне дейін, батысы – Ұлытау тауы, оңтүстігінде кең дала созылып жатыр. Табиғаты әсем, аумағы кең жер пайдалы қазбаларға да бай. Облыс Еуразия материгінің орталығында, Сарыарқа жазығында орналасқан.

Ал, Қарқаралы аймағының бәсекеге қабілеттілігі – ерекше мәдениетінде (тарихи туризм), сұлу жабайы табиғатында (экологиялық және орнитологиялық туризм), спорттық активті түрлермен айналасуға мүмкіншілігінде (спорттық туризм және экстремальді туризм) көрініс табады.

Сондай-ақ, Қарасор көлі (Тұздықөл) аумағы 250 км² алып жатыр. Қарасор суларындағы тұз құрамы теңіз суларының тұз құрамынан асады. Жағалауда емдік балшықтар бар.

Балқаш көліне тоқталсақ, Каспий және Арал теңіздерінен кейін ірі су қоймасы болып табылады. Көлдің ұзындығы – 614 км, ені – 3,5 км-ден 44 км-ге дейін, максимальді тереңдігі – 26 м-ге жетеді. Батысы – тұщы, шығысы – ащы. Балқаштың табиғаты таң қаларлық және әр түрлі бояуға ие.

Өңірдегі Бектауата тау желісі аймақта орналасқан табиғи ескерткіштердің бірі. Бектауата тауының шыңы 1000 метрге дейін жетеді. Бектауата тау желісінің ұзындығы 4000 га, оның аумағында түрлі шатқалдар мен құздар орналасқан. Мұнда өсімдіктердің жүзге тарта түрі кең таралған, олардың 45-і сирек кездесетін болса, 8-і Қызыл Кітапқа енгізілген.

Бұл аймақта ежелгі ескерткіштер мен қорғандарда да көп сақталған. Сарыарқада мемлекет қорғауындағы 88 археологиялық ескерткіштер бекітілген. Олардың ішінде Ақтасты қорғаны, Дермен тұрағы, Айдағарлы үңгірі және Қылыш қорғаны, Қарасу қыстағындағы және Кең Дара шатқалындағы қорғандар тобы, Доңғал тұрағы және т.б. Облыстың қызықты көрінісі XVIII ғасырда соғылған мәдени-архитектуралық Ақ Бекет мазары болып табылады. Мазар дөңгелек киіз үй сияқты құрылысты бейнелейді.

Көріп отырғандай, Қарағанды облысының туристік-рекреациялық ресурстары әртүрлі және кең таңылған. 2014 ж деректер бойынша Қарағанды облысында туризм саласындағы 218 ұйым бар. Облыстың туризм нарығында, туристік фирмалар 1/3 бөлігін қамтиды.

Ұлытау - бұл біздің ата-бабаларымыздың мыңдаған ғасырлық рухани, аңызына айналған, ақындары жырлаған, сан ғасыр адамдарды баураған қазақ халқының құрметтейтін қасиетті жері. Ұлытау көшпенді тайпа хандарының сүйікті орнына айналған. Осы жерде ұлы Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы ханның ордасы орналасқан, осы жерден Батый хан шығысқа бағыттаған өзінің жаугершілік жорығын бастаған. Ұлытауда Жошы хан мен түркі тілдес тайпалардың негізін қалаушылардың бірі Алаша ханға кесенелер көтерілген. Алтын Орданың ханы Тоқтамыс, Ордалық ұлы қолбасшы, әмір Едігеде осында жер қойнына берілген. Ұлытаудағы Алтыншоқы тауындағы тас тақтаға 1391 жылы осында болғаны турасында ұлы Ақсақ Темір жазба қалдырған. Археолог-ғалымдар баяғы заманғы адамдардың талай мекендерін және олардың еңбек құралдарын тапты. Қаракөңгір өзенінің жағасында палеолит дәуірінің Қазақстандағы ең ірі шеберханасы табылды. Ұлытау аумағында ботаникалық және географиялық зерттеулер бойынша 617 өсімдік түрлері белгілі болған, оның ішінде 90 түрінен дәрі-дәрмекке пайдаланылады Ұлытауды «көлдер мен

бұлақтар елі» деп атайды.

Қарағанды өңірі саяси құрбандардың мекені болған. Олардың қатарында Долинка-(Қарағанды қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 50 км жерде), Қарлаг әкімшілік орталығы орналасқан (Қарағанды түзеу-еңбек лагері) кенті. Осы жерден бүкіл лагерлік жүйені басқарған. Ол алып аумақты қамтыған (солтүстіктен оңтүстікке қарай 300 км-ге жуық, шығыстан батысқа қарай шамамен 200 км) және Орталық Қазақстан аумағында бөлек бөлімшелер болған. Саяси құрбандардың құлдық жұмыстары бақыланып, олардың күшімен көмір-металлургия өнеркәсібінің дамуы үшін азықтық база салынды, егіншілік және аңшылықпен айналасты, өнеркәсіптер салынды, табиғи байлықтарды өңдеу жұмыстары жүргізілді. Долинкада саяси репрессия құрбандарына арналған мұражайды, бұрынғы жалдамалы жұмыскерлерге арналған госпиталь мекемесін, техника үйін, перзентхана үйі және бала моласын, сонымен қатар тұтқындардың өздері салған саман құрылысының қалдықтарын көре аласыз.

Орталық Қазақстанда сондай-ақ Қарқаралы мемлекеттік ұлттық саябағы 1998 ж. құрылды. Аумағы 90 323 га. Ол Қарағанды облысының шығыс бөлігінде, шамамен Қарағандыдан шығысқа қарай 160 км жерде орналасқан.

Ұлттық саябақтың аумағы Қарқаралы және Кент секілді аласа тауларды қамтиды. Қарқаралы таулы-орманды сілемдерінің ең биік жері 1415 м дейін жетеді. Қарқаралының географиялық атауы «Таулы жер» дегенді білдіреді.

Орталық Қазақстан мекендерінің бірі Шабанбай Би ауылында жергілікті бірлестіктердің қолдауымен экотуризм түрі дамуда. Жергілікті тұрғындардың үйлеріне туристердің тұруына, сонымен қатар қарапайым ауыл тұрмысымен танысуға зор мүмкіншілік бар. Ауылда тұрмысқа қажеттілік ретінде киіз өндіру саласы дамуда, сонымен қатар әр түрлі саладаға сувенирлер жасалуда. Шабанбай Би өте керемет жер, осы аймақтағы әр түрлі туристік нысандарға: Қызыларай тау оазисі – қола дәуірінің археологиялық ескерткіші, түркі кезеңі және жаңа уақытты, Әулие үңгірі немесе Тесіктас тастары және Ақсоран шыңына шығуға болады. Қарағанды облысы табиғи әлеуеті сақталған, мәдени-тарихи мұраға бай географиялық орны өте қолайлы аудан болып келеді. Тарихи, мәдени және табиғи, демалу және туризм салаларының заманауи түрінің негізгі және болашақта дамыту үшін бірлестікті құруға ыңғайлы өлке болып табылады. Осыған қарамастан ауданның рекреациялық ресурстары әлі күнге дейін жеткіліксіз зерттелмеген.

Орталық Қазақстан қазіргі туризмінің даму тенденциясында өзіндік ерекшеліктері бар өңір болып саналады. Қазіргі кезде бұл салада мамандану қалыптасты, бірақ туристік әлеуеті жеткілікті түрде игерілген жоқ және де облыстың шаруашылық кешенінің басты түйіні – туризм индустриясы қалыптаспаған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сарыарқаның көне ескерткіштері: тас ғасыры, қола дәуірі, ерте темір дәуірі, орта ғасырлар дәуірі, жаңа заман, XIX ғасыр-XX ғасырдың басы. О.Таланова, А.Бейсенов Қарағанды: Эдельвейс, 2010.
2. Алтын-Ғасыр өңірлерінің тарихи-мәдени ескерткіштері. Аршабеков Т.Т., Жұмабеков Ж.А., Төлеуов Т.С. Қарағанды: Гласир, 2010.
3. Ұлытау өңірінің тарихи географиясы (XV ғ.-XIX ғ. соңы). Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. Авторефераты.
4. Сары-Арка Сердце Евразии: Карагандинская область. Б.Чердабаев. -Алматы: Алдонгар, 2013. (Краска Великой степи).
5. <http://kaz.tengrinews.kz/fotoarchive/506/ULYTAU-2014>.